

**"Шығыстардың, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысты тіркеу міндетті болып табылатын шығыс түрлерінің экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 588 бұйрығына толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 8 сәуірдегі N 170 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 18 сәуірде N 6891 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 27.01.2016 № 30 бұйрығымен.**

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Шығыстардың, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысты тіркеу міндетті болып табылатын шығыс түрлерінің экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 588 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 26 желтоқсандағы № 5419 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шығыстардың, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысты тіркеу міндетті болып табылатын шығыс түрлерінің экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесінде:

2 «Күрделі шығындар» санатында:

4 «Негізгі капиталды сатып алу» сыныбында:

430 «Күрделі жөндеу» кіші сыныбында:

433 «Мемлекеттік кәсіпорындардың үй-жайларын, ғимараттарын, құрылыстарын күрделі жөндеу» ерекшелігі бойынша:

«Ескерту» деген 7-баған мынадай мазмұндағы келесі сөйлеммен

**т о л ы қ т ы р ы л с ы н :**

«Мемлекеттік мекеме мемлекеттік кәсіпорындардың үй-жайларын, ғимараттарын, құрылыстарын күрделі жөндеу үшін республикалық немесе коммуналдық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыруды жүзеге асыратын жағдайлардан басқа».

2. Бюджеттік процесс әдіснамасы департаменті (Қалиева А.Н.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде оны мемлекеттік тіркеуден өткізген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы*  
*Қ а р ж ы                                м и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*

*Б. Жәмішев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК